

Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі
№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы

**«Экологиялық қобдиша» атты
ортаңғы топ балаларына арналған**

Бағдарлама



Алға 2024 жыл

Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімінің эксперттік кеңесінде бекітілді.

Хаттама № 1 « 02 » 09 2024ж.

Алға ауданының білім бөлімінің әдіскері
Н. Уразғалиева

Құрастырған:

А.У. Бегжанова №4 «Балбөбек» бөбекжай бақшасының
тәрбиешісі педагог - модератор

Пікір жазғандар:

Г. Досова №4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасының
тәрбиешісі, педагог - сарапшы

Б. Демисинова №4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасының
тәрбиешісі, педагог - зерттеуші

Бағдарлама 3 жастағы бүлдіршіндердің тіл байлығын дамытып, экологиялық сауаттылықтарын қалыптастырып, туған өлке табиғатына деген сүйіспеншіліктерін арттыруға арналған. Бұл бағдарламаны балабақша тәрбиешілеріне көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

Түсінік хат

Табиғат бізді, балалар,
Құшақ жая қарсы алар.
Пердесін ашып, сырын ұқ,
Жаналықтар табылар!

Жаңа заман баласы-бүгінгі қазақ қоғамының ұлттық қазынасы. Баланың қабілетін қаншалықты ерте ашып, дамытса, оның нәтижесі де соншалықты жемісті болмақ. Қоршаған ортаны аялауға деген адамның саналы көзқарасын қалыптастыру оның бала кезінен ерте басталуы тиіс. Бағдарлама табиғат туралы бүлдіршіндердің ой-өрісін кеңейтіп, осы түйсіктер арқылы бүлдіршіндерге табиғат сырларын ұғындыру жөніндегі экологиялық тәрбие береді. «Экологиялық қобдиша» бағдарламасы -36 сағат, аптасына 1 рет өткізіледі. Сонымен қатар, балаларды өз ойларын ашық жеткізуге, алған білімдерін өмірде қолдана алуға үйретеді. Бағдарламаға күнтізбелік жоспар, технологиялық карталар, сергіту сәттері, дидактикалық ойындар, жұмбақтар кірістірілген. Бағдарлама материалдары, жоспарланған жұмысы балалардың шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін, тілдерін дамытуға арналған. Табиғатты танып, білу мектепке дейінгі жастағы баланың бойында табиғатпен эстетикалық қарым қатынас жасаудың базасын құрайтын экологиялық тәрбиені бере отырып, сонымен бірге оны қорғай, аялай білуге үйретеді.

Пікір

Қазіргі таңда адамзат ауасын жұтып,суын ішіп отырған табиғат Ананы қорғап,аялау барша жұртқа тіршілік қамы,табиғи қажеттілік.Сондықтан да бұлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлыққа тәрбиелеу қазіргі балабақшадағы тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылады.Табиғатпен таныстыру - балалардың танымын дамытудың басты құралдарының бірі. Балабақшадағы тәрбиенің мақсаты - табиғатты аялап,оны қамқорлыққа алып күту,табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып,тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру. А.Сатаеваның «Экологиялық қобдиша» бағдарламасы балалардың қоршаған орта жөніндегі ұғым түсініктерін байытып, жалпы және нақты ғылыми мәліметтер алуындағы маңызы зор.

Табиғатпен таныстыру барысында мектеп жасына дейінгі балалардың тірі және өлі табиғатқа деген сүйіспеншілік қарым- қатынасын тәрбиелеу мақсатында табиғатпен таныстыру, яғни табиғатты қорғау - экологиялық тәрбие мен білім беру жұмыстары арқылы жүргізіледі. Бағдарламада берілген тақырыптар, ойындар, логикалық тапсырмалар балалардың жас шамасына шақталып, қызықтыратындай жинақталған. Бұл бағдарлама баланың жан-жақты жетілуіне ықпалын тигізері сөзсіз.

Мақсаты:

Балаларға қоршаған ортаны қабылдауға үйрету, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру,экологиялық мәдениеттерін қалыптастырып,өздерін қоршаған ортаға қамқор болуға, аялауға, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- табиғаттың жеке экологиялық заңдылықтарын білу,жалпы танымдарын қалыптастыру;
- сезімдік қабылдау арқылы тірі және өлі табиғат объектілерімен кездесуден қызығушылық пен қуаныш сезімдерін дамыту және тәрбиелеу;
- адам мен табиғат арасындағы өзара тәуелділік түсініктерін қалыптастыру;
- қоршаған ортадағы өмір құбылыстарына қызығушылығын тудыру;
- балалардың мәдени-экологиялық білімдерін, шығармашыл дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Білім, білік, дағды:

Бағдарлама балалардың жас ерекшеліктеріне сай қоршаған ортаға бейімдейді,балалардың мәдени-экологиялық білімдері дамыған шығармашыл жеке тұлға қалыптасады.

Мазмұны

1. Күнтізбелік жоспар
2. Технологиялық карта
3. Жұмбақтар
4. Сергіту сәті
5. Дидактикалық ойындар
6. Күтілетін нәтиже
7. Пайдаланған әдебиет

Күнтізбелік перспективалық жоспар

№	Тақырыбы	Міндеттері	сағаты
1	Түрлі-түсті жапырақтар	Балаларды күз мезгіліне тән белгілерді тауып, нақтылауға үйрету, күз мезгіліндегі өсімдіктер және жануарлар өміріндегі өзгерістер туралы түсініктерін кеңейту. күздегі адамдардың еңбегі жайлы түсініктерін қалыптастырып, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	2
2	Себеттегі күз сыйы	Жемістер мен көкөністерді бір-бірінен ажырата алу мен дұрыс атауды үйрету. Көкөністер мен жемістердің алуан түрлілігі жайлы түсініктерін қалыптастыру. Үлкердерге көкөніс пен жемістерді өсіруге көмектесуге деген ынтасын тәрбиелеу.	2
3	Орман иелері	Орман жануарлар мекені екендігі ретінде түсінік беру. Балаларға жануарларды атап салыстыра білуге, оларды суреттеп сипаттай алуға үйрету. Тілдерін дамытып табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	2
4	Ағаштарымен таныстыру	Балаларға туған табиғатымыздағы ағаштар және олардың пайдасы туралы мәлімет беру. Ағаштың бөліктерін атауға үйрету. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	2
5	Табиғат	Табиғат және адам жасаған нысандарды ажырата білуге үйрету. Өлі және тірі табиғат туралы түсінік беру. табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	2

6	Ақ ұлпа қар	Қыс мезгіліне тән белгілерін атай білуге үйрету. қардың қалай пайда болатыны және оның қысқы табиғаттағы рөлі туралы түсінік беру. Қыс мезгіліндегі тіршілік атауындағы өзгерістер жөнінде түсініктерін қалыптастыру.	2
7	Бөлмедегі гүлдер	Балаларды жайқалып өсіп тұрған гүлдерге сүйсінуді, олардың сұлулығын қабылдауды үйрету. Бөлме гүлдеріне камкорлық дағдыларын қалыптастыру. Байқағыштыққа тәрбиелеу.	2
8	Ауа, су, күн	Балаларға адам денсаулығына ауаның, судың және күннің маңызын айтып түсіндіру. Бүлдіршіндердің сөздік қорларын молайтып, таза ауа, суды табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	2
9	Адам табиғат қорғаушысы	Балалардың бойында туған өлкенің табиғатын қорғау туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғатты қорғау жұмыстарының қажеттілігі жайлы білімдерін бекіту. Экологиялық сана-сезім мен үнемдеушілікке, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	2
10	Аквариум тұрғандары	Балаларды аквариумдық балықтарды танып, дұрыс атауға үйрету. Дене мүшелерін ажырату (көз, ауыз, құйрық, жүзбеқанаттар). Балықтарды қоректендіру керек екені жайлы білім беру. Балықтарға деген камкорлыққа тәрбиелеу.	2

11.	Ақырға (кормушка) не ушып келді?	Балаларды қыстайтын құстармен таныстыру. оларды сипаты арқылы тануға үйрету. Балаларға қыста құстарды немен қоректендіретіні туралы білім беру. Құстарға камкор болуға тәрбиелеу.	2
12.	Саңырауқұлақтардың әдемі калпақтары	Саңырауқұлақтар туралы алғашқы білім беру (сыртқы пішіні, құрылымы). Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтарды айыра білуге үйрету. Саңырауқұлақтарды жинауға деген қызығушылықтарын ояту.	2
13.	Қошаканым қайда екен	Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін жүйелеу. Адамдар мен үй жануарларының өзара байланысын және тәуелділігін белгілеу. Үлкендерге үй жануарларын күтуге көмектесуге тәрбиелеу.	2
14.	Көктем құбылыстары	Көктем мезгілінің құбылыстары, табиғатта болатын өзгерістермен таныстыру. Табиғаттың адам өмірі мен әрекетіне тигізетін әсері туралы әңгімелеу. Балалардың оянған табиғатқа деген қуанышты жай-күйін, камкорлықпен қарауды тәрбиелеу.	2
15.	Аула құстары	Балалардың үй құстары туралы білімдерін қалыптастыруды жалғастыру. Құстардың құрылымы туралы білімдерін бекіту. Ауладағы құстар туралы көбірек білуге деген құштарлыққа тәрбиелеу.	2

16.	Гүл бағындагы кемпіркосак	Туған жеріміздегі өсімдіктер әлемімен таныстыруды жалғастыру. Гүлдердің сан алуан түрлерімен таныстырып, тілдерін дамыту. Кемпіркосакпен таныстырып, кемпіркосак доғаларының аспанда қалай пайда болатынын түсінуге көмектесу. Балаларды өлі табиғат құбылыстарына деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	2
17.	Біздің өлкенің жәндіктері	Балаларды біздің өлкеде тіршілік ететін жәндіктермен таныстыру (көбелек, қоңыздар, құмырскалар). Олардың өзіндік ерекшеліктерін көру. Көбелекті қоңыздан ажырата алу дағдыларын дамыту. Табиғат нысандарының барлығына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	2
18.	Жасыл дәріхана	Емдік өсімдіктерді тануға оларды атай білуге үйрету. Балаларды емдік шөптермен таныстыруды жалғастыру. Олардың адам денсаулығына тигізетін пайдасы жайында әңгімелеу. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.	2

Жоқ өзінің аяғы да, қолы да:
Бөренені жөнкілтеді жонында.
(өзен)

Бірде орақпын,
Бірде табакпын
(ай)

Көпір салдым керемет:
Тамаша өтуші көп.
Ал бірақ та, не керек,
өтуші жоқ,
Ары өтуші жоқ.
(кемпіркосак)

Қақпақсыз қазан,
Іші толы сазан.
(көл) Бері

Қырда қылыш жаркылдайды
(найзағай)

Бұйырған адамзатқа басыбайды,
Дүниені ауырсынбай асырайды.
Өзінде қазынаның бәрі де бар,
Тұрғынға төсеніштей тасы жайлы.
(жер)

Көтеріліп теңізден,
Аспанға биік барамын.
Биіктен қайта түскенде,
Өні кірер даланың.
(жаңбыр)

Аппак-аппак ақ мамық
Жерде жатыр тапталып
(кар)

Жазда жатсаң, көленкесіне алады,
Қыста жақсаң, жаның рахат табады.
(ағаш)

Ақ сандығым ашылды
Ішінен жібек шашылды
(күн)

Дәмі де жоқ, түсі жоқ,
Пайдаланбас кісі жоқ
(су)

Өмірде одан мол ештеңе болмайды,
Құшақтасаң, құшағың тек толмайды.
(ауа)

Күн күледі
Жер түледі
(көктем)

Дауыл дәнді ұшырып,
Шарлар жауды аспаннан.
Шекемізді ісіріп,
Қаштық үйге сасқаннан.
(бұршақ)

Тал басында ағаш үй,
Терезесі тамаша үй:
Соны мекен етеді,
Қыста алысқа кетеді.
(торғай)

Жұмбақтар

Ш.Ахметов:

Өрік, алма, шие, алша
Жидек, жүзім піседі,
Астық пісіп, орақ түсіп,
Қырман дәнге толады.
Бұл қай кезде болады? (күз)

Аяз қысып, өрнек сызып, терезенді торлайды.
Қарға омбығып, бет домбығып,
Бөбектерім, айтындаршы,
Бұл қай кезде болады? (қыс)

А.Байтұрсынов:

Ақ қар еріп, су көбейіп,
Сай – салаға толады.
Ағаш басы, бұршік шашып,
Гүл бәйшешек толады.
Бұл өай кезде болады (көктем)

А.Құнанбаев:
Жазды күні шілде болғанда
Көкорай шалған бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда
Күркіреп жатқан өзенге көшіп ауыл қонғанда.
(жаз)

Н.Ораз:

Аспаннан кеп ұлпа қар,
Түсіп жатыр себелеп.
Жалт-жұлт еткен қалпы бар,
Сан мыңдаған көбелек.
(қыс)

Қ.Мырзалиев:

Көктем келді: құс келді,
Күн ұзын, түн қысқа енді.
Көктем келді: су ақты,
Күннің көзі шуақты.
(көктем)

Сергіту сәттері

Орнымыздан тұрамыз
Қолды белге қоямыз
Бұрыламыз солға бір
Бұрыламыз оңға бір
Біз мейірімді баламыз!
Біздер тату боламыз
Гүл-гүл жайнап жанамыз
Жаттығулар жасасақ,
Жақсы сергіп қаламыз.

«Тырау-тырау тырналар»

Тырау-тырау тырналар,
Жерлермен ұштын біркатар.
Талай бел артта қалды ғой,
Қанаттарың талды ғой.
Қандай жер саған ұнады?
Деді ол сонда тыраулап:
-Туған жердей жер болмас!
-Еш жер оған тең болмас!

«Ұйқыдағы гүлдер»

Гүл ұйқыда жатыр еді,
Таң атуға жақын еді.
Күннің нұры шашылды,
Гүл қауызы ашылды.
Алдымен шығып бір желек,
Екіншісі тым зерек.
Үшіншісі бір бөлек,
Төртіншісі бір бөлек,
Бесіншісі де көрінді,
Тұтас гүл боп өрілді!

Дидактикалық ойындар

«Жыл мезгілдері»

Ойын мақсаты: Жыл мезгілдерінің өзіне тән ерекшеліктерін тани білу, суреттерден мезгілге сай көріністі тауып, өз орнына орналастыру.

«Сөйлемді жалғастыр»

Ойын мақсаты: Аталған сөзді әрі қарай жалғастырып, сөйлем құру арқылы балалардың тілдерін дамыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Мысалы: «Қыста қар», «Көктемде құстар ұшып.....», «Жабайы аңдар....» т.б.

«Табиғат және адам»

Ойын ережесі: Тәрбиеші табиғатпен адамдарға қатысты сұрақ беріп балаға допты лақтырады. Допты қағып алғаннан кейін жауап беруге болады. Затты атаған адам допты екіншісіне лақтырды. Сөзді есіне түсіре алмағаны өз жүрісін жібереді, ол допты еденге бір ұрып алады да, қайта лақтырады.

«Жақсы-жаман»

Ойын мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жақсы, жаманды айыра білуге, табиғатқа қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу. Мысалы: «Гүлді жүлған жаман», «Табиғат аясында қоқыс тастаған.... жаман», «Ағаштарды суарған жақсы», «Жануарларды қорғаған.... жақсы».

«Егер... болмаса не болар еді?!»

Ойын мақсаты: Балалардың табиғат қасиеттері, тіршіліктегі ерекше орыны жайлы білімдерін бекіту. Балалар егер күн болмаса, су болмаса, ағаштар болмаса т.б. болмаса не болатынын айтады.

Күтілетін нәтиже :

- Балалардың тілдері дамып, сөздік қоры молаяды.
- Адам мен табиғат арасындағы өзара тәуелділік түсініктері қалыптасады.
- Қоршаған ортаға бейімделеді
- Табиғаттың жеке экологиялық заңдылықтарын біледі

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты 23.08.2012ж.
2. Қоршаған ортамен таныстыру, экология «Алматыкітап» 2011 ж
3. Мен және айналадағы табиғат «Келешек»-2030 ЖШС 2013жыл.
4. Бала мен балабақша №7.2012 жыл.
5. Айналамен таныстыру. А. Бәкірқызы. Алматыкітап 2001 ж.
6. «Мектепке дейінгі тәрбие беру ұйымдарындағы жаңаша жұмыс үлгілері» Әдістемелік жинақ. Ақтөбе, 2011 жыл
7. «Қарлығаш» оқу әдістемелік кешені. Астана, 2009 жыл
8. «Көркем әдебиет» хрестоматия. «Аруна» баспасы.2010 жыл
9. «Бала тәрбиесі » №2. 2011 жыл
10. «Өзін-өзі тану» хрестоматия. «Бөбек» Алматы,2010 ж
11. Табиғатты танып біл Астана,ББЖ КБАКДИ-2011 жыл-162с.
- 12.Бүлдіршіндермен қызықты әңгімелер «Келешек»-2030 ЖШС 2013жыл